

GTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_15

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ХАЛЫҚ АҒАРТУ
КОМИССАРИАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ***

Мұхатова Оразгүл Хасенқызы^{1*}

¹Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан, Алматы

*Автор-корреспондент

E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Түйіндеме. Мақалада Қазақстандағы 1920-1930 жылдардағы Халық Ағарту Комиссариатының қызметі ҚР Орталық мемлекеттік архивіндегі 81-қор құжаттары бойынша талданады. Мемлекеттік органның мақсаты, халық ағарту ісінің жандануы архив деректері негізінде көрсетіледі. Өлкедегі комиссариаттың қызметіне қол байлау болған факторлар анықталады. Халық ағарту және білім беру саласын мамандармен қамту мәселесі де қарастырылады. Қорда Халық Ағарту Комиссариатының функцияларын көрсететін құжаттар жеткілікті. Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының қызметін дәйектейтін хаттамалардың, бұйрықтардың, ережелердің, есептердің, баяндамалардың, статистикалық мәліметтердің, хаттардың және т.б. әртүрлі құжаттардың мазмұны ашылады. Комиссариаттың 1920-1930-жылдары халыққа білім беру, сауатсыздықпен күрестен өзге көптеген мәдени-ағарту жұмыстарын атқарғандығы қор құжаттары бойынша дәйектеледі. Аталған құжаттар бойынша мемлекеттік мекеменің социалистік құрылысты құрудағы рөлі анықталады.

Кілт сөздер: Халық ағарту комиссариаты, архив деректері, қор құжаттары, білім беру, сауатсыздыққа қарсы күрес, хаттама, бұйрық, ереже, есеп, баяндама.

МРНТИ 03.20.00

**АРХИВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НАРОДНОГО КОМИССАРИАТА
ПРОСВЕЩЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1920-1930-Е ГОДЫ**

Мухатова Оразгуль Хасеновна^{1*}

¹Институт истории и этнологии им Ч.Ч. Валиханова, Казахстан, Алматы

*Автор-корреспондент

E-mail: Orazgul7@rambler.ru

Аннотация. В статье анализируется деятельность Народного комиссариата просвещения Казахстана в 1920-1930 годах на основе документов 81-го фонда Центрального государственного архива РК. Цель государственного органа, возрождение народного образования показываются на основе архивных источников. Определены факторы, тормозящие деятельность комиссариата в крае. Также рассматривается вопрос кадрового обеспечения в сфере народного просвещения и образования. В фонде достаточно документы, отражающих функции народного комиссариата просвещения. Раскрывается содержание протоколов, приказов, правил, отчетов, докладов, статистических данных, писем и др. подтверждающие деятельность Народного комиссариата просвещения Казахской АССР. Согласно документам фонда обосновывается что, в 1920-1930 годах Наркоматом проведена в помимо просвещения населения и борьбы с неграмотностью большая культурно-просветительская работа. На основе этих документов определяет роль государственного учреждения в создании социалистического строительства.

Ключевые слова: Комиссариат народного просвещения, архивные источники, документы фонда, образование, борьба с неграмотностью, протокол, приказ, правила, отчет, доклад

IRSTI 03.20.00

ARCHIVAL SOURCES ON THE ACTIVITIES OF THE PEOPLE'S COMMISSARIAT
OF EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE 1920-1930S

Mukhatova Orazgul Khasenovna^{1*}

¹Institute of History and Ethnology named after C. Valikhanov, Kazakhstan, Almaty

*Corresponding author
e-mail: Orazgul7@rambler.ru

Abstract. The article analyzes the activities of the People's Commissariat of Education of Kazakhstan in 1920-1930 on the basis of documents from the 81st fund of the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the state body, the revival of public education is shown on the basis of archival sources. The factors that hinder the activity of the commissariat in the region are determined. The issue of staffing in the field of public education and education is also being considered. The collection contains enough documents reflecting the functions of the People's Commissariat of Education. The content of protocols, orders, rules, reports, reports, statistical data, letters and others confirming the activities of the People's Commissariat of Education of the Kazakh ASSR is revealed. According to the documents of the fund, it is substantiated that, in 1920-1930, the People's Commissariat carried out in addition to educating the population and combating illiteracy, a great deal of cultural and educational work. On the basis of these documents, he determines the role of the state institution in the creation of socialist construction.

Key words: Commissariat of Public Education, archival sources, foundation documents, education, combating illiteracy, protocol, order, rules, report, report.

Кіріспе. Қазақ төңкерісінің жеңісінен кейін кеңес үкіметінің тікелей басшылығымен қысқа мерзім ішінде Халық Комиссарлары Кеңесі (бұдан былай ХАК - *автор*) басқарған үкіметтік жүйе құрылды. Халық комиссарлары кеңесі 1917 жылғы 26 қазандағы (8 қарашада) Кеңестердің Бүкілресейлік съезінде қабылданған «Жұмысшы мен шаруалардың үкіметінің қалыптасуы туралы» қаулының негізінде елді басқаруды жүзеге асырды. Ол ең маңызды саяси, тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік мәселелерді шешті, пролетарлық революцияның мақсаттарына дәйектілікпен қол жеткізді (Смиртюков, 1982:12). Елдегі барлық ғылыми мекемелер Халық Ағарту Комиссариатының басқаруына өтті. ХАК-тың ғылыми бөлімнің алғашқы меңгерушісі ірі теоретик, ғалым-астроном, Мәскеудегі қарулы көтерілістің басқарушыларының бірі - П.К. Штернберг болды. 1919 жылы қаңтарда кеңес үкіметінің бастамасымен мемлекеттік ғылыми кеңес құрылды, ол он мүшеден тұрды, оның ішінде бесеуін БОАК (ВЦИК), бесеуін ХАК тағайындады. Ғылыми-саяси бөлімшесін М.Н. Покровский, ғылыми-педагогикалық - Н.К. Крупская, ғылыми-техникалық - О.Ю. Шмидт, ғылыми-шығармашылық - В.Я. Брюсов басқарды. ХАК-тың мектепке дейінгі білім беру ісінің барлығын өмірінің соңына дейін Н.К. Крупская басқарды. ХАК-тың баспа бөлімі өзінің қызметін өте қиын жағдайда бастады. Елде кітап тапшы болып, басылымдар тез арада таралып кетіп отырды. Бұл бөлімнің жұмысына А.А. Блок, В.Я. Брюсов, В.В. Вересаев, И.Э. Грабарь, К.И. Чуковский және басқалары белсенді қатысты (Коржихина, 1984:113-114). Бұдан соң Халық Комиссариатының негізгі құрылымдық бөлімшелері ұлттық комиссариаттар мен ұлттық бөлімдер құрылды. 1918 жылдың басында мұсылман, белорусь, еврей, армян, латыш, эстон, чуваш, қазақ, неміс, украин комиссариаттары мен бөлімдер бекітілді. Қазақ бөлімі ұйымдастырылғаннан кейін оның мақсаты қазақ халқын мәдени-ағартушылық тұрғыдан дамыту түрінде (Зиманов, 1981:30) анықталды.

Қазақстандағы Халық ағарту комиссариатының қызметін архив құжаттары бойынша талдаудың өзектілігі бір жағынан зерттеушілер үшін 81-қордың құрамы мен мазмұнын көрсету болса, екінші жағынан тарихи деректердің құндылығын айқындаудың тарих ғылымын дамытудағы маңызын көрсету болып саналады.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған мәселенің деректік базасын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 1920-1936 жылдар аралығын

камтитын 81-қор Қырғыз (Қазақ) АССР Халық ағарту комиссариаты (Орынбор қ.), ал 1929 жылдан бастап Қазақ АССР Халық ағарту комиссариаты (Алматы қ.) құжаттары құрайды. Қор Халық ағарту комиссариатының (ХАК) қызметін көрсететін құжаттарды қамтиды. Қор 4 тізімдемеден, 1897 істен тұрады (Путеводитель, 1989). Қордың хронологиялық шегі - 1920-1936 жылдар аралығы. ХАК-тың 1920-1936 жж аралығында атқарған қызметі мен өз заманы үшін ұтымды шешімдері ауқымды қордың құжаттарын қалыптастырған. ХАК кеңес үкіметі кезеңінде мәдениет, ғылым және білім салаларын басқарушы маңызды әрі жауапты орган ретінде қызмет атқармағанда ҚР ОРМА-де тұрақты сақтауға алынған Халық Ағарту комиссариаты қорының құрылуы да екі талай еді.

Мәселені кешенді зерделеу үшін деректанудың тарихилық, шынайылық және әлеуметтік тәрізді жалпы методологиялық қағидалары қолданылды. Жалпыметодологиялық қағидалар және кешенді, әмбебап зерттеу бағыттары архив қорларын және жеке тектік қор құжаттарын алдын-ала анықтауға және соның негізінде зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Зерттеуде арнайы деректанулық және архивтанулық әдістер деректанулық талдау, деректанулық синтездеу, фактілік, сыни, тұжырымдамалық, контент талдау, мазмұндық талдау, синтез, деректанулық жүйелеу кеңінен пайдаланылды. Жалпы методологиялық принциптер мен әдістер ретінде өзге де ғылыми-зерттеу бағыттары, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі арнайы деректанудың әдістемесі және архивтанудың теориясы қолданылады. Зерттеу деректану және архивтану тарихнама ғылымдарының заңдылықтарына сүйенді, өйткені олар белгілі бір қор құжаттарын тарихи дерек ретінде талдауға мүмкіндік береді.

Талдау. Кеңестер еліндегі, соның ішінде Қазақстандағы халық ағарту комиссариатының қызметі шетелдік, ресейлік және отандық зерттеушілердің еңбектерінен көрініс тапқан. Ұзақ жылдар бойы зерттеушілердің назары Кеңес Одағындағы 1920-1930-жылдардағы білім беру мен тәрбие жүйесінің ұйымдастыру, мазмұндық негіздерін зерделеуге ауған. Осы тұрғыдан келгенде архив құжаттары тек тарихи дерек ретінде талданып, тұтастай қор құжаттары деректанулық, архивтанулық зердеден өткізілмеді. Дегенмен отандық тарихнамада С. Зиманов, С. Даулетова, М. Исмагуловтың бірлескен қазақ революциялық комитетіне арналған еңбегінде (Зиманов, 1981) 1920-жылдардағы ағарту шаралары сипатталады. А.С. Мұсағалиеваның (Мұсағалиева, 2000) және Н.К. Алпысбаеваның (Алпысбаева, 2002) кандидаттық диссертациялары Халық ағарту комиссариаты қорының құжаттарын Қазақстан тарихының жеклеген мәселелерінің дерек көздері ретінде талданады. Қазақ АКСР Халық Ағарту комиссариаты Г.С. Сапарғалиевтің (Сапарғалиев, 1957), А.Т. Селкебаеваның (Селкебаева, 2007), Ш.Ж. Таукибаеваның (Таукибаева, 1999) еңбектерінде үстірт айтылады. Ф.К. Қайырханова (Қайырханова, 1993) Қазақстандағы мәдени ағарту мекемелері жүйесі тарихын қарастырған еңбегінде Халық ағарту комиссариатының қызметіне тоқталады. Д. Салқынбектің мақаласы (Салқынбек, 2010) да осы санатқа жатады. Ресейлік тарихшылардың арасында М.Н. Гушинаның осыдан біраз уақыт бұрын 1930-жылдарың екінші жартысындағы РСФСР Халық комиссариаты қызметін зерттеген (Гушина, 2009), 1919-1941 Башқұрт АССР Халық ағарту комиссариаты тарихын зерделеген Г.З. Кутушевтің (Кутушев, 2014) диссертацияларын атауға болады. Шетелдік зерттеушілер мәселеге әрқырынан келгенімен олардың көпшілігі кеңестік білім беру жүйесінің жай-күйін бағамдаудан аспады. Мәселен, ағылшындық, американдық ғылыми әдебиеттерде КСРО-ның білім беру жүйесінің шынайы жағдайы яғни кемшіліктері мен ұтымды тұстары бірдей анықталды. Кеңес Одағындағы 1930-жылдардағы оқиғалардың куәгері Беатрис Кингтің (King Beatrice, 1936) еңбегінде білім берудің барлық сатылары сипатталған. РСФСР Халық ағарту комиссариатының құрылымын көрсете келе автор индустрияландыру міндеттері білім беру жүйесінің өзара байланыстары ашылған. 1950-жылдары Дж. С. Каунтстың (Дж. Каунтс, 1958) кеңестік білім беру мен Еуропа елдеріндегі жетістіктерді салыстырған еңбегі жарық көрді. Автор Кеңес Одағындағы ағарту капиталистік елдерге өзінің тиімділігін көрсеткен сес болды деген ой түйіндеді. Ал 1970-жылдары жарияланған Шейла Фицпатриктің (Fitzpatrick Sh., 1970) зерттеуінде білім беру жүйесіндегі кемшіліктер көрсетіледі. Тарихнамалық шолу тақырыптың негізінен тарихи тұрғыда зерттелгендігіне көз жеткізеді. Алайда мәселе деректанулық және архивтанулық қырынан зерттеу нысанына айналмаған. Мұның өзі зерттеу тақырыбының көкейкестілігін айшықтай түседі.

Зерттеу нәтижелері. 1920 жылы қазан айында Қазақ АКСР кеңестерінің құрылтай

сьезі өтті. Құрылтай съезінің шешімінің негізінде республика аумағында мәдени құрылысты басқарушы біріккен орталық орган - Халық Ағарту Комиссариаты құрылды. Ол республикадағы мәдени құрылыстың барлық салаларымен айналысатын орталық мемлекеттік орган болды. Қазақ АССР-нің құрылуымен қатар ХАК-інің қызметінің басталуына септігін тигізді (Мұсағалиева, 2000:16-18). Халық Ағарту Комиссариаты кейіннен Қазақ КСР Оқу министрлігі (Қысқаша энциклопедия, 1988:562) Қазақ Еліндегі ағарту және білім беру жүйесінің жұмысына мұрындық болды. II Бүкіл ресейлік кеңестер съезінің декретімен құрылған РСФСР ХАК-ын көптеген жылдар бойы А.В. Луначарский басқарды. ХАК-тың алдында екі негізгі мақсат тұрды: орталықта ағарту қызметкерлерін ұйымдастыру және ескі білім беру жүйесін түбегейлі өзгерту. Егер РСФСР-да ХАК-ын бір адам басқарса, Қазақстанда бұл қызметті бірқатар зиялы қауым өкілдері атқарды. Соған қарамастан ҚазАССР-да Халыққа білім берудің жергілікті органдарымен бірге ХАК-ты құру республикада халыққа білім беруді дамыту бойынша жұмыстарды жоспарлауда үлкен рөл атқарды (Алпысбаева, 2002:17). Халық Комиссариатының ағарту жөніндегі инспекциясының ережесінде ХАК-тың қызметі нақты анықталған. Ағарту мекемелері бөлімдерінің жергілікті қаражатпен қамтамасыз етуге көшуіне және басшылықтың осы мәселеге тікелей араласуына байланысты инспекция құрылды. Оның мақсаты халыққа білім беру бойынша жергілікті органдар мен мекемелердің қызметін бақылау, сондай-ақ олардың қызметінде бірыңғай білім беру жоспарын қабылдау, ХАК-тың жалпы нұсқауларын бұлжытпай орындау және т.б. ҚССР Халық ағарту комиссариаты барлық ғылыми, шығармашылық және білім беру қызметін бірдей басқарды. Халық ағарту ісінің жандануы мектеп жасындағы балаларды оқумен қамтудан, білім алуға қажетті құралдарды шығаратын баспа қызметінің күшеюінен, қазақ тілінде білім алуға жағдай жасаудан көрінді. Ағарту жүйесіне қатысты терминдерді қалыптастырып, орнықтыру, мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау оның басты міндеттерінің бірінен саналды. Сонымен қатар қазақ мектептерінің біртіндеп ұлттық сипат алуына мүмкіндік туғызды. Алайда орталық халық ағарту ісінде Қазақстандағы ХАК-тың ауқымды түрде қызмет етуіне толық мүмкіндік бермеді. Мәселен, Қырғыз (Қазақ) Республикасының ағарту жұмыстарын басқаруда Қазақ ХАК-ы өзі толыққанды шешім қабылдай алмады. Мұның өзі басқару, байланыс орнату жұмыстары және көпшілікке арналған ағарту мекемелерін ұйымдастырудың әлсіздігінен көрініс тапты. Ауылдарда қаламен салыстырғанда мәдени ағарту жұмыстарына жеткіліксіз назар аударылды (ҚРОМА, 350:36).

ХАК-ы республикадағы ең ірі комиссариаттардың бірі болып саналды. Оған оқу орындары түгелдей, театр және өнер, ғылым және баспа өндірісі бағынды. Комиссариат республиканың мәдени-ағарту өмірінде айтарлықтай рөл атқарды. Өлке тұрғындарының басым көпшілігін құрайтын байырғы халықтың күнделікті тыныс-тіршілігі, ұлттық санасының жаңаруы, демографиялық жағынан өсу үдерісі оның қызметінің негізгі бағыттарын анықтауға ықпал етті (ҚРОМА, 350:39). Қызметінің алғашқы жылдары комиссариат өз заманына сәйкес жұмыстарды атқаруда игі нәтижелерге қол жеткізді. Алайда халық ағарту саласындағы жұмыстарды ұйымдастыруда өлкенің шаруашылық жағынан мешеулігі, орасан зор аумақтағы жол қатынасының нашарлығы, қазақтан шыққан педагог мамандардың тапшылығы, оқулықтардың, оқу құралдарының жетіспеуі және оқу-ағарту саласына қаражаттың аз бөлінуі қол байлау болды. Бұған қоса орын ала бастаған орыстандыру саясаты, өлкенің партия ұйымын басқарған лауазымды қызметкерлердің еуропалық ұлт өкілдерінен тағайындалуы, олардың қазақ елінің мәдениеті мен салт-дәстүрінен алыс жергілікті халық арасында халық ағарту жұмыстарын табысты жүргізуге залалын тигізді (Салқынбек, 2010). Дегенмен В.И. Лениннің «бұрынғы патша үкіметіне қызмет еткендер мен жергілікті ұлт өкілдерін қызметке шақыру қажеттілігін» ескерген атқамінерлер ағарту комиссариатының құрамына білімді де білікті мамандарды тартуға кірісті. 1920 жылдың 19 қарашасында Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мәжілісінде Халық Комиссариатының Коллегиялары бекітіліп, оның құрамына Ахмет Байтұрсынов және Жүсіпбек Аймауытов тағайындалды. Осы жылдың 5 қарашасында болған Бюро мәжілісінде ағарту қызметіне Б. Сәрсеновті және өлкелік комсомол ұйымынан Төлеповты тарту туралы қаулы қабылданды. Халық Ағарту комиссариатының басқарушы қызметіне ұлт зиялыларын тарту жалғаса берді. Мәселен, 1922 жылдың 14 қыркүйектегі Комиссариат Коллегиясының мәжілісінде қабылданған қаулысы бойынша Халық Ағарту Комиссариатының қызметіне

Ырғыздан Т. Шонанов, Қостанайдан Е. Омаров, Ойылдан Байсауов және тағы басқа облыстардан қазақ зиялылары тартылды. Мәселен, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы т.б қайраткерлерге комиссариаттың секторларын басқаруды тапсырған. Кейінгі жылдарда да қазақ зиялыларын қызметке шақыру жалғаса берді (Селкебаева, 2007:147). Мұның өзі Халық ағарту комиссариаты аппаратының қалыптасуына мен қызметінің жандануына игі әсер етті. Комиссариаттың өкілеттілігі мен басқаруында тәуелсіз құқықтық мәртебеге ие бола бастауына да айтарлықтай ықпал етті. Алайда түптеп келгенде ғылыми-әдістемелік мәселелер бойынша РСФСР ХАК-на және тұтастай жоғары партиялық, кеңестік билік органдарына тәуелді болды. Бұл органдар тікелей республиканың халық комиссариатының құрылымдық бөлімшелерінің құрылуына да араласты. Қазақ ағарту комиссариатының құрылымы РСФСР халыққа білім беру комиссариатының құрылымын қайталады, дәлірек айтсақ, оның құрылымын толықтай көшірді. Себебі ағарту комиссариаты өзінің қалыптасуында РСФСР комиссариатының нұсқаулықтарын басшылыққа алды және орталық партия және кеңес органдары оның қызметін қатаң бақылады (Таукибаева, 1999:42). Осындай талаптардың қойылуына қарамастан өлкенің ағарту комиссариаты аппаратын құру бірқатар қиындықтарды бастан кешірді. Аппаратты ұйымдастыруға қажетті мамандардың жетіспеуімен бірге материалдық-техникалық базасының нашарлығы қол байлау болды. Қиындықтардың қатарына халықтың өмір сүру салтының (жартылай көшпелі) ерекшелігін, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының нашарлығын жатқызуға болады. РСФСР-да межелу және Қазақстанның ішкі саяси ахуалы да орын алған жағдайға кері ықпалын тигізді. Республикалық маңызы бар мемлекеттік мекемелердің РСФСР-дың орталық органдары басшылыққа алған принциптер ҚАССР халық ағарту комиссариатының құрылысынан да көрініс тапты. Аталған қиындықтар мен кемшіліктерге қарамастан комиссариат жергілікті халық ағарту бөлімдерінің қызметін үйлестірумен, сауатсыздықты жоюмен, мектеп құрылысының жоспарын құрумен және оны жүзеге асырумен, оқу, әдеби басылымдарды жариялау жұмыстарын белсенді түрде жүргізді. Сондай-ақ Сібір халық ағарту бөлімі және Түркістан Республикасының халық ағарту комиссариатымен тығыз қарым-қатынастар орнатып, ағарту саласына қатысты түрлі мәселелерді шешумен айналысты (Таукибаева, 1999:40-41). Халық Ағарту комиссариатының мәдени, ғылым, білім салаларында еңбегі орасан зор болды. Мазмұнды және сапалы білім беру және жас ұрпақты тәрбиелеуге әсер ету факторының бірі мектепті ғылыми мәнді, марксистік мазмұндағы тұрақты ана тілінде оқулықпен қамтамасыз ету еді. Сондықтан кеңестік мемлекет оқулық, оқу құралдарының баспасына тәртіп орнатып, бұл істің барлығын өз қолына жинақтады. Оқулық пен оқу құралдарын басып шығару және қайта басып шығару құқығы тек РСФСР ХАК пен автономиялық республикалардың құрамындағы мемлекеттік баспаға берілді. Оқулықтарды басып шығару тәртібі ҚАССР-да белгіленді (Сапарғалиев, 1957:19-20). Бұдан өзге комиссариат ағарту саласы бойынша көптеген шараларды ұйымдастырды. Сондай жұмыстардың бірі - тәрбие және мәдени-ағарту желілерін құру.

Қор құжаттарының арасынан жергілікті қаражат арқылы осындай желілерді құру міндетінің жүктелгендігін дәйектейтін ақпаратты кездестіруге болады. ХАК бұл жұмысты 1922 жылдың басында бастауы тиіс еді. Жұмыстың барысы жеделдетілген түрде жүріп, алдыға қойылған мақсатқа сәйкес жұмыс атқарыла бастады. Алайда бұл бағыттағы жұмыстар қаражаттың аздығынан үлкен нәтижелерді күту мүмкіндігін жоққа шығарды. Бұны губерниялық халыққа білім беру бөлімінен алынған деректерден байқауға болады. Ақтөбе губерниялық халыққа білім беру бөлімінің жеделхатында былай делінген: «ХАК мекеменің тәрбие және мәдени-ағартудың нақты желісін құрастырған. Федерация ХАК басқару аппараты мен Қыреспубликасының ағарту бойынша мекемелері үшін жалпы 513000 қызметкерлерден 11057 жұмысшы бөлінген. ҚырХАК ҚКСР бойынша тәрбие және мәдени-ағартудың нақты желісін жасауға кіріскен. Мекемелер желісі негізінде 9000 қызметкер жұмыс жасайтын жоба жасалды, бірақ бұл жоба жүзеге аспады. Себебі барлық федерациялық республикада ағарту мекемелері бойынша қысқартулар болып, комиссариат 4500 жұмысшымен бірге желі құруына мәжбүр болды... жергілікті қаражатқа әлі ештеңе салынған жоқ.

Орынбор губерниялық атқару комитеті 102 мекеме желісін салу үшін губерния есебінен қаражат берілетіндігі жөнінде қаулыны бекіткен, бірақ қаражаттың тапшылығынан бұл жұмыс кейінге қалдырылды. Қостанай губерниялық атқару

комитетінен «жергілікті қаражат құрылмаған, жергілікті мекеме үшін қаржы сметасы қарастырылмаған» деген хабарлама алынған. Тек Семей губерниясы ғана жергілікті қаражат көмегімен: 696 мектепті, 10 балалар үйін, 14 клубты, 52 оқу үйін қамтамасыз еткен (ҚРОМА, 308:37).

Осы қорда Халық Ағарту Комиссариатының функцияларын көрсететін құжаттар жеткілікті. Сондай құжаттарды талдау нәтижесінде комиссариаттың Академиялық Орталық /Акцентр/; Ұйымдастыру орталығы /Органцентр/; Әлеуметтік тәрбие беру және 15 жастағы балаларға политехникалық білім беретін бас басқарма /Главсоцвос/; Кәсіптік-политехникалық мектептер мен жоғары оқу орындарының бас басқармасы /Главпрофобр; Ересектер арасында саяси-ағарту жұмыстары және мектептен тыс білім беру бас басқармасы; Мемлекеттік баспаның бас басқармасы /Госиздат/; ХАК-тың коллегиясының жанындағы ұлты орыс емес және қазақ тілінде ағарту ісі жөніндегі басқару және академиялық орталықтармен байланыс жасайтын кеңестен тұрғандығы анықталды. Олардың әрқайсысы өз ішінде бірнеше басқару ұйымдарынан тұрды. Мәселен, Академиялық орталық КССР ХАК-тың қызметінің жалпы теориялық және ғылыми, оқу, ағарту және де шығармашылық басқару бағдарламасын жүргізді. Академиялық орталықтың құрамына Мемлекеттік ғылыми кеңес /ГУС/, Мемлекеттік ғылыми кеңес /ГОХС/, музей ісі және өнер, ескі заттар, табиғи ескерткіштерді қорғау жөніндегі басқарма /Главмузей/, архив ісін басқару /Главархив/ (ҚРОМА, 316:171).

Мемлекеттік ғылыми кеңес СССР-да ғылыми өмір, ғылым және ғылыми техникалық білім беру, әлеуметтік тәрбие мәселесі бойынша теориялық жұмыстарға жауапты болды. Мемлекеттік ғылыми кеңес жоғары оқу орындарының профессорларын және ғылыми институт, ғылыми мекемелердің мүшелерін тағайындау құқығын иеленді. Кеңес 3 секцияға бөлінді: ғылыми-саяси, ғылыми-техникалық, ғылыми-педагогикалық. Мемлекеттік көркем өнер кеңесі Қазақ автономиялық республикасының барлық көркемөнер өмірін басқару мен теориялық бағдарламасын біріктіріп, ХАК-тың барлық бөлімдері үшін жалпы теориялық директиваларын әзірледі, үздік көркем өнер жұмыстарының орындалуын бақылады. Ұйымдастыру орталығы ХАК-тың барлық органдары мен халыққа білім берудің жергілікті органдарының әкімшілік-ұйымдастыру ісін басқарумен айналысты. Орталықтың құрамына ұйымдастыру басқармасы /ОРГУПР/, жабдықтау басқармасы /СНАБУПР/, есепке алуды басқару, баспа жұмыстарының таралымын тарату /ЦЕНТРОПЕЧАТЬ/, әкімшілік басқарма енді.

Әлеуметтік тәрбие беру және 15 жастағы балаларға политехникалық білім беретін бас басқармасы 3-тен 15 жасқа дейінгі балаларға қамқорлық жасау және 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды қорғау құқығын жүзеге асырды. Бас басқарма мектепке дейінгі тәрбиелеу бөлімінен, политехникалық, құқық шығармашылық тәрбиелеу және жалпы бөлімдерден тұрды. Алғашқысы 3-тен 7 жас аралығында мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу жұмысымен айналысты. Бірыңғай мектеп бөлімі 15 жасқа дейінгі балалардың политехникалық білім беру мен әлеуметтік тәрбиесімен шұғылданды. Аталғандардан өзге кәмелетке толмағандарды қорғайтын құқық бөлімі, балалардың физикалық дамуы мен шығармашылық тәрбиелеу бөлімі, жалпы бөлім және кеңестік халықтық меньшевиктер бюросы, академиялық секция қоса жұмыс жасады.

Кәсіптік-политехникалық мектептер мен жоғары оқу орындарының бас басқармасы ҚАССР-ға қажетті ауыл-шаруашылық, басқару, ағарту, денсаулық сақтау, өнер және тағы да басқа салалар бойынша мамандарды даярлаумен айналысты. Сондай-ақ барлық 15 жастан асқан жас өспірімдерге арналған кәсіби, жоғарғы оқу мекемелерін басқарды. Оның құрамына келесідей бөлімдер кірді: жалпы, баспа комиссиясы, индустриялық техникалық білім беру бөлімі, ауыл-шаруашылық білім беру, әлеуметтік-экономикалық білім беру, медициналық білім беру, педагогикалық білім беру, шығармашылық білім беру, жұмысшы және Қызыл әскер әскери кәсіби білім беру бөлімдері, кеңестік халықтық меньшевиктер бюросы, академиялық секция.

Ересектер арасында саяси-ағарту жұмыстары және мектептен тыс білім беру бас басқармасы ересектер арасында саяси-ағартушылық және мемлекеттік-үгіт-насихат және де біріктіру жөніндегі ұйымдарды басқарды.

Мемлекеттік баспаның бас басқармасы республикадағы барлық редакциялық баспа қызметімен, СССР үшін баспа жұмысын жоспарын әзірлеумен, баспа құралдарын, қағазды дұрыс бөлу мен есепке алумен айналысты. Оның құрамына редакциялық, баспа және жалпы бөлімдер кірді.

ХАК алқасының жанындағы ұлты орыс емес халық өкілдерінің және қазақ тілінде ағарту ісі жөніндегі барлық басты басқару және академиялық орталықтармен ұйымдаса байланысқан кеңесін құру жөнінде ереже 28 тамызда коллегия отырысында қабылданды. Кеңестің басшылығына оның төрағасы ретінде алқа мүшелері енгізілді. Коллегия оның төрағасының орынбасары және комиссариат алқасы бекіткен үш мүшеден тұрды. Кеңес коллегиясынан хатшылыққа қажетті техникалық аппараты ұйымдастырылды (ҚРОМА, 81:8656)

Өлкелік ағарту комиссариаты тек қана халық ағарту жұмыстарын жүргізіп қана қоймай, елдің әлеуметтік тұрмысының реттелуіне де біршама үлес қосты. Қазақ АССР-і құрылып, қызметін бастаған тұсы елдегі 1921-1922 жылдардағы аштық кезіне тап келді. Сондықтан комиссариаттың жергілікті орындармен қатынасы үзіліп, елдегі ағарту жұмысына басшылық ету қиынға соқты. Комиссариат жағдайдан шығу үшін өзінің жергілікті бөлімдеріне арналған қаулыларын шығарып, аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету қызметіне шақырды. Комиссариат жанынан Президиум құрылды. Президиумды комиссардың орынбасары А. Кенжин, әлеуметтік бөлім бастығы Лазов басқарды (Мұсағалиева, 2000:21). Қор құжаттарының ішінен ХАК-тың ашаршылық кезіндегі қызметін де көруге болады. Ең алдымен ол өзінің басты мақсаты етіп балаларды аштықтан аман алып қалуды қойды. Осыған байланысты мынандай шараларды өткізу белгіленді: ашыққан балаларды есепке алу; асхана ашу; ашыққан балаларды қабылдайтын орындар ашу; балалар үйін ашу; астықты губернияларға балаларды көшіру (ҚРОМА, 311а:14).

1936 жылы РСФСР ХАК-тан ағарту жұмысына қатысты емес барлық салаларды бөлу процесі аяқтала бастады. Кеңестік республика ХАК-ы өзінің назарын мектептерді басқаруға аударды. 1933 жылы РСФСР ХАК-тың мемлекеттік ғылыми кеңесі таратылып, соңғысының құрамынан бастауыш және орта мектептер, кадрлар даярлау, университеттер, кітапхана ісі, театр кәсіпорнын басқаратын 5 басқарма құрылды. Бұл уақытта басты назар орта мектепті басқару мәселесіне аударылды. Елде жалпы ортақ бастауыш білім алу жүзеге асырылды. Үлкен мектеп құрылыстары қолға алынды. 1931 жылы кеңестер елінде білім алатындардың саны 20 миллион адамға дейін өсті. Мектептегі сапалы білім беруге ерекше назар аударылды (Тлеубекова, 2009: 120).

1936 жылдың желтоқсанында Қазақстанның одақтас республика ретінде қайта құрылуына байланысты комиссариаттың атауы ҚазССР Халық ағарту комиссариаты деп өзгертілді. 1937 жылы ҚазССР ХАК-тың құрылымы келесідей болып қайта ұйымдастырылды. Оның құрамында басқару, секретариат, бастауыш, толық емес орта және орта мектеп басқармасы, жоғары мектептер, балалар үйі, ересектерге білім беру, мәдениет үйі мен клубтар, бастауыш мектеп пен педучилищелер саяси жұмыс және кітапхана басқармасы, қаржылық-жоспар, қаржылық, әкімшілік-шаруашылық, құрылыс, статистикалық, материалдық қорлар тобы бөлімдері жұмыс жасады. 1940 жылы екі басқарманы біріктіру арқылы мектептерді басқару ұйымдастырылды. Сонымен бірге, оқу әдістемелік, аумақтық инспекция бөлімдері құрылды. ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің №353 жарлығы бойынша 1933 жылдың 13 сәуірінен бастап ұлттық мектептерді қайта құру жұмыстары жүргізілді. ҚазССР Халық комиссарлар кеңесінің №219 бұйрығына сәйкес 1939 жылдың 23 наурызынан бастап ҚазССР ХАК-тың жанынан мемлекеттік терминологиялық комиссия құрылды. Бұл комиссия ғылым, техника, шаруашылық және мәдениет саласындағы қазақ әдеби тіліне енгізілген немесе қайтадан енгізілген терминдерді қалыптастырумен және ғылыми айналымға қосумен айналысты.

ҚРОМА-індегі Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының қызметін дәйектейтін 81-ші қорда көптеген тарихи деректер жинақталған. Қордың құрылымын білім беруге байланысты құжаттар, соның ішінде хаттамалар, бұйрықтар, ережелер, есептер, баяндамалар, статистикалық мәліметтер, хаттар және әртүрлі мазмұндағы құжаттар құрайды.

Қор құжаттарының көп бөлігі хаттамаларға тиесілі. Қорға әлеуметтік білім және мәдениет қызметкерлерінің II губерниялық съезі мәжілістері (1920 ж), I Бүкілқырғыздық (Бүкілқазақ) халық ағарту конференциясы (1921 ж), I Қырғыз (қазақ) әлеуметтік тәрбие қызметкерлерінің Өлкелік конференциясы (1921 ж), әлеуметтік тәрбие қызметкерлерінің жалпы аудандық конференциясы (1921 ж), I Бүкілқырғыздық (Бүкілқазақтық) съезге ағарту қызметкерлерін шақыру туралы (1921 ж) хаттамалар тіркелген. ҚазССР Халық ағарту комиссариаты алқа отырысының, ғылыми-әдістемелік Кеңестің, ғылыми

комиссиясының, физика-медициналық қоғамның, Қыррекомның ғылыми комиссиясының тарихи, этнографиялық бөлімдерінің; жоғары оқу орындарына оқуға түсу туралы үштіктің отырысы, Халық ағарту комиссариатының Мемлекеттік Кеңесі, көркем шығармашылық-мектеп (художественный) комитеті, шығыс музыкасының өлкелік мектебі, музей Кеңесі, сауатсыздықты жою комиссиясы туралы хаттамалар жинақталған. Мәселен, қор құжаттарының арасынан 3 тізімдемедегі 2 сақтау бірлігіне шоғырландырылған хаттамалар атап көрсетуге тұрарлық. Халық Комиссарлар Кеңесі отырысында латын әліпбиінің жүргізілуі барысы, жаңа бесжылдық жоспарды құру, мәдени іс сапарлардың қанағаттанарлық дәрежеде жүргізілуіне байланысты жазылған хаттамалар тіркелген. Оларда аталған істердің табысты аяқталуы баса көрсетіліп, жұмысшы табының жаңа әліпбиді шынымен қолдануды жөн көретіндігін дәлелдейтін ақпарат көрініс тапқан. Латын әліпбиін толықтай енгізу жоспарын жүргізу үшін: өлкелік және аймақтық баспаханаларда араб шрифтеріне тапсырысты тоқтату, жедел түрде тозған араб шрифтерін архивке өткізу; баспа қызметкерлерін жаңа алфавитте даярлау және қайта даярлау курстарын Қызыл-Орда, Алматы, Семей және Орал қалаларында кәсіпорындар есебінен ашуды жоспарлау турасында қаулылар қабылданған (КРОМА, 2:17). Осы сақтау бірлігіне 1929-1930 жылдардағы сауатсыздықты жою жоспары жөнінде хаттама тіркелген. Бұл хаттамада барлық атқару комитеттерінің, ұйымдар мен мекемелердің назарын ағымдық жылдағы жаппай сауатсыздықты жою саласына күш біріктіру керектігі қадап айтылған. Хаттамалардан аз уақыттың ішінде сауатсыздықты жою және республикада жалпыға бірдей бастауыш білім беруді енгізу туралы мәліметтер кездеседі. Осы орайда айта кетерлік жайт, хаттамаларды тіркеуде бірқатар кемшіліктерге жол берілген. Атап айтатын болсақ, қордың бірінші тізімдемесінде архившілер оны құрастыру кезінде бір хаттаманы бірнеше рет көрсетіп, жүйелілік қағидасын бұзған. Мұның өзі хаттамалар мазмұнының ұқсастығына және қайталануына әкелген.

Кеңес өкіметінің орнығуы кезеңінде, яғни 1920-1925 жылдар аралығында іс жүргізу құжаттарының ішінде хаттамалар өте көп жинақталған. Солардың арасында мазмұны жағынан құнды құжаттар санатына жататындары және аса құнды құжаттар қатарына кіретіндері де кездеседі. ХАК өз қызметінің алғашқы кезеңінде ұйымдастырушылық-нұсқаулық сипаттағы жұмыстар атқарды. Осыған орай 81-қорда жинақталған құжаттарды екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Алғашқы кезеңінде жазылған хаттамаларда Комиссариат қызметі тұтастай көрініс тапқан. Бұл құжаттар бір жағынан 1920-1925 жылдардағы тарихи оқиғаларды зерттеуде маңызды деректер болып санлады. Екінші жағынан ХАК-ның мәртебесі мен өзінен жоғары тұрған ұйымдарға тәуелділігін көрсетеді. Мәселен, жекелеген мәселелер комиссариаттың өзінде шешілсе, кейбір жағдайларда оның шешімдерін жоғары ұйымдар бекітіп отырды. Бұдан Комиссариаттың жартылай болса да тәуелсіз орган болғаны байқалады. Мысалы, 1922 жылы жазылған хаттамада мәжіліске қатысқан және төрағалық еткендердің қатарында А. Байтұрсынов, ғылыми хатшы А.П. Лошкарёв, музей-архив ісінің орынбасары А.Л. Мелков, Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы П.А. Воронцовский және ғылыми қызметкер А.А. Четыркин болды. Тындалған мәселелердің арасында қызыл керуенмен сапар жөнінде А.А. Четыркиннің баяндамасы тіркелген. Жинақталған материалдың барлығын әдебиеттен бөлек Орталық музейге өткізу туралы шешім қабылданған (КРОМА, 320:62-63) жылдарды қамтитын екінші кезеңінде әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуына және орнығуына орай хаттамалар формалды сипатта жазылды. Өйткені көптеген маңызды мәселелер жоғары партия, кеңес ұйымдарында шешілді.

Қордағы құжаттардың келесі тобын ХАК-інің ережелері құрайды. Мұндай құжаттарға Халық ағарту комиссариаты және оның бөлімшелері, уездік, болыстық халық ағарту бөлімшелері, Орталық Өлкелік және губерниялық музей, Қызыл Керуен, балалар үйі мен мектептегі балалар тәрбиесі, мектеп-интернаттар, педагогикалық техникумдар, балалар коммунасын ұйымдастыру туралы, өндірістік-еңбек оқытулары, кәсіптік-техникалық білім беру, мейірбике мектептері, техникалық-педагогикалық курстар, ҚазССР Халық ағарту комитеті академиялық орталығының мемлекеттік ғылыми кеңесі; республиканың өңірлерінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру туралы әдебиеттерді есепке алу және тарату жөніндегі Орталық есепке алу және тарату комиссиясының ережелері жатады. Жинақталған ережелерден Қазақ Халық Ағарту Комиссариаты және оған бағынышты органдардың қызметі көрініс тапқан. ХАК-

тың орталық органдары көршілес республикалармен халыққа білім беру, тәрбие және мәдени қызметте өзара байланыстар орнатқан. Сонымен қатар құжаттардың арасында сауатсыздықты жою жөніндегі губерниялық жедел комиссиясының ережесі де кездеседі. РСФСР-дің әр губерниясынан сауатсыздықты жоюға байланысты жұмыстарды қадағалау үшін және осы жұмыстардың тез әрі табысты жүргізілуі үшін сауатсыздықты жою бойынша губерниялық жедел комиссия құрылды. Сауатсыздықты жоюға арналған губерниялық жедел ревкомдар қалыптаса бастады. Алайда губерниялық жедел комиссариаттың құрамына кәсіподақ, жастар кеңесінің комитеті, әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімше, ауыл жұмысы жөніндегі бөлім, әскери ұйымдар, ағартушылық пен әлеуметтік-мәдени жұмыс жөніндегі кеңесі кіргізілмеді. Сауатсыздықты жою бойынша губерниялық жедел комиссиясы губерниялық халыққа білім беру комиссариатына бағынды. Губерниялық жедел комитет сауатсыздықты жою жұмыстарын бақылау үшін аудандарда, уездерде, болыстарда арнайы мамандарды ұйымдастырды (ҚРОМА, 7:46).

Аталған ережелердің ішінде ҚССР ХАК-ның губерниялық халыққа білім беру бөлімі жөніндегі ережесінің мазмұны ерекше назар аудартады. Ережеге сәйкес Халық ағарту комиссариаты губерниялардағы бөлімдері барлық білім беру, тәрбие жұмыстарын басқару және ұйымдастырумен айналысты. Оның құрамына қазақ жұмысшылар кеңесінің губерниялық атқару комитетінің бөлімі мен қызыл әскер депутаттары кірді. Губерниялық халыққа білім беру бөлімі жергілікті атқару комитеті болып саналды. Олар ХАК-тың жергілікті органдарының қызметін атқарды. Губерниялық халыққа білім беру бөлімі ҚССР ағарту комиссариаты идеялары мен тапсырмаларын жүзеге асырып, халыққа білім беру ісін дамыту үшін қажетті барлық іс-шараларды ұйымдастырып, өткізді. Ережеде Губерниялық халыққа білім беру бөлімінің құрылымы да талдап көрсетілді. Атап айтсақ, ол келесідей бөлімдерден тұрды: әлеуметтік тәрбие және балаларға политехникалық, кәсіби-политехникалық мектептер мен қызметкерлерге кәсіби, мектепке дейінгі жасөспірімдер мен ересектерге саяси-ағартушылық білім беру, мемлекеттік баспа нұсқаулығы және рұқсаты бойынша ғана ұйымдастырылатын баспа ісінің губерниялық басқармалары, барлық органдардың қарым-қатынастарын, қызметін бағыттаушы әкімшілік, ұйымдастырушылық басқарма, саны аз ұлттар арасында ағарту ісі бойынша кеңесі (ҚРОМА, 7:51).

Білім беру мекемелерінің бірі жасөспірімдерге арналған мектеп-клубтарын ұйымдастыру жөніндегі ережесін атап өтуге тұрарлық. 1920-жылдары екінші дәрежелі мектептер мен техникум пролетарлық жасөспірімдердің көп бөлігі үшін қолжетімсіз болды. Сол себепті күрделі экономикалық жағдайға байланысты олар мектептерді түрлі мекемелер мен кәсіпорындарда ұйымдастыруларына тура келді. ХАК-тың құрамындағы әлеуметтік тәрбиелеу кеңесінің басты мақсаты жасөспірімдердің білім алуына және ары қарай дамуына мүмкіндік беретін мектепті ұйымдастыру болғандықтан осындай шараларға барды. Мұндай мектептерде жасөспірімдер бір жағынан ауыр жұмыс күнінен кейін қажетті демалыс алды, ал екінші жағынан өздерінің білім алуын жалғастырды. Осыған байланысты мектеп клубында жалпы білім беретін пәндерді оқыту қатаң бақылауға алынды. Оқытылатын пәндердің мазмұны қатаң сыннан өткізілді. Білім алумен қатар жасөспірімдер үшін техникалық шеберліктерін арттыратын шеберханалар құрылды. Мектеп клубына мекеме мен кәсіпорында жұмыс жасайтын 13-тен 17 жас аралығындағы барлық жасөспірімдер және мектептердің біреуіне ғана оқуға қабылданған, жұмыс жасамайтын балалар тартылды. Мектеп клубында сабақтар жұмыстан кейін кешкі уақытта өткізілген. Мектеп клубындағы жасөспірімдер саны 60-тан аспауы қажет болды. Клубтық сабақтарда жасөспірімдер үшін туған өлкені зерттеу, драма, әдеби, техникалық, спорт және тағы да басқа үйірмелер ұйымдастырылды. Жасөспірімдердің үйірме жұмыстарын арнайы педагог маман жүргізді (ҚРОМА, 324:37).

Аталмыш қорда Қазақстанның ағарту озаттары конференциясында жасалған баяндамалар (1933 ж) және IX мұғалімдер конференциясының күн тәртібі және оқылған баяндамалар тіркелген. Баяндамалар жалпыға бірдей бастауыш білім берудің, халыққа білім беруді дамытудың бесжылдық (1928-1933 жж.), балалар үйінің, балабақшалардың, балалар қалашықтарының, мектеп желісін дамыту жоспарлары тақырыптарына жасалған. Сонымен бірге «Өнер және өмір», «Дала ақиқаты», «Кеңес даласы» газеттері мен басылымдары беттеріндегі мақалалар жинақталған. Еңбек озаттары мектебін ұйымдастыру, ауылдағы әйелдер арасындағы жұмыс, жастар мен мектепке

дейінгі тәрбиелеу, ересектер мектебін ашу, «Аз ұлттар апталықтарын» өткізу, бірінші қазақ өлкелік коммунасы (1925 ж.), оқулықтарды қазақ тілінен орыс тіліне аудару, ұлттық мектептерді ұйымдастыру, сауатсыздықты жою, Бөкей ордасын зерттейтін комиссия жұмысы туралы тезистер мен баяндамаларын айтуға болады. Құжаттардың арасында 1930 жылғы ҚазАССР әлеуметтік-мәдени құрылыс пен мамандарды дайындау жөнінде бес жылдық жоспар дараланады. Жоспармен қоса Қазақ Ағарту Комиссариатының мектеп бөлімі ұйымдастыру жөніндегі баяндамасы тіркелген. Бұл баяндамада кеңсе, жұмысшыларды даярлау, жалпы білім беру бөлімдерінің жұмысы жөнінде айтылады (ҚРОМА, 754:2).

Хаттамалар мен ережелерден өзге қорда көптеген бұйрықтар жинақталған. Бұйрықтардың көпшілігі ҚазССР Халық Ағарту комиссариатының қызметіне тиесілі. Бұйрықтардың мамзұнынан білім беру және ағарту ісінің комиссариаттың губерниялық, уездік және аудандық бөлімдеріне жүктелгендігі анық көрінеді (ҚРОМА, 318). Мәселен, 1924 жылы шығарылған бұйрық турасында айтатын болсақ, қазақ іс қағаздарын жүргізу үшін бірқатар арнайы мамандарды даярлау қажеттілігі туындаған. Осыған орай ең алдымен кәсіби білім беру басқармасы мен академиялық орталыққа аталған мәселеге қатысты Орынбор қаласында қазақ тілінде машинаға мәтін теретін мамандарды дайындайтын өлкелік курстарды ұйымдастыру үшін алдына ала шаралар қолдану ұсынылды. Даярлау жұмыстарын, соның ішінде мамандарды оқытатын ғимарат таңдау, оқытушыларды қызметке шақыру, оқу жоспарын, бағдарламаларын дайындау қысқа мерзімде бітіріп, Халық комиссарларына қарауға жіберу тапсырылды. Кәсіби білім беру басқармасына мемлекеттік қызметте отырған орыс тілді жұмыскерлерге қазақ тілін жетілдіруді тездету ұсынылды. Ұйымдастыру орталығына қазақ іс жүргізу бойынша инстацияларға сәйкес сметалар мен мемлекеттік бюджет турасында қосымша құжаттарды жасауды тездетуді және комиссариаттың бөлімдеріне көрсетуге ұсыныс берілді (Қайырханова, 1993:63).

Қорда ҚазССР Халық ағарту комиссариатының қызметінің, оның академиялық орталығының, институттар, техникумдар, коммуналардың тәжірибелі-көрсеткіш мектептері, халыққа білім берудің губерниялық бөлімдері, «Жетісуды зерттеу» үйірмелері, клубтар мен метеорологиялық станциялар желісінің жұмысы, ауылдағы мектеп-коммуналардың жұмысы мен ұйымдастырылуы, кәметке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның қызметі, республикадағы кітапхана ісі жағдайы, музейлердегі жұмыс, алғашқы Өлкелік курстар, кеңестік партия мектебі, институт жұмысының көрнекті құралдары туралы есептері жинақталған. Есептердің мазмұнынан комиссариат қызметінің ұтымды тұстарымен қатар кемшіліктері де көрініс тапқан. Мысалы, 1922 жылдың қаңтар-тамыз аралығындағы комиссариаттың есептерінен оның біртіндеп жоспарлы жұмысқа көше бастағандығын байқалады. Алайда осы бағыттағы жұмысқа ауысуды қаржының жетіспеуі тежеген, яғни республика бюджетінде оны жүзеге асыруға қаржы болмаған. Себебі елдің әлеуметтік-шаруашылық жағдайы нашар халде болатын, өйткені Кеңестер елі экономиканы жақсарту мақсатында азық-түлік салғыртынан салыққа көшуге мәжбүр болып жатқан еді. Қаржының жетіспеуі тек осы шарадан ғана емес комиссариаттың барлық қызметінен көрінді. Комиссариат өзінің алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне аса зор қиындықтармен қол жеткізді. Жаңа экономикалық саясатқа көшу ағарту саласында көптеген қайта құруларды жүргізуге алып келді. Оны іске асырудың алғашқы қадамдарының бірі басқару аппараттарын қайта қарау болды. Халыққа білім беру бойынша губерниялық, уездік басқару бөлімдері қайта құрылып, мәдени-ағарту, тәрбие беру мекемелерінің қызметкерлерінің штаты қаралды. Нәтижесінде көптеген қызметкерлер жұмыстан қысқартылып, олардың саны 228-ден 95 адамға азайды. Халыққа білім беру бойынша губерниялық бөлімнің штаттары Орынборда, Семейде, Ақмола 32, Оралда 31, Қостанай мен Ақтөбеде 21, Бөкей Ордасында 12, Адайда 6 қызметкер жұмыстан босатылды. Уездік бөлім штаты екі топқа бөлініп, бірінші топтағы штатқа 5 адам, екінші топтағы штатқа 3 адам болып белгіленді. Комиссариат жаңа шаруашылық жағдайында білім беру, ағарту жұмыстарынан өзге экономикалық, әлеуметтік сипаттағы істермен айналысты. Жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыруда өлкенің тұрмыстық-шаруашылық және материалдық жағдайын жақсарту шараларына белсене араласты (ҚРОМА, 1298).

Қорда сақталған құжаттардың арасында СССР политехникалық институтының есебі қызығушылық тудырды. Сақтау бірліктерінің ішінде 1922 жылдың бірінші

жартысындағы институттың жағдайы жөнінде деректерді кездестіруге болады. Қазақстанда дәл осындай институт құрылған. Ол Қазақ Кеңестік Халкомының 1922 жылы наурызда бектікен ережесіне сай бір жоғары оқу орнына үш индустриялық, механикалық және инженерлік құрылыс, ауыл-шаруашылығы мен экономикалық өндіріс техникумдарын біріктіру арқылы құрылған. 1921-22 оқу жылының аяғына дейін институттағы дәрістер мен практикалық сабақтар 1 маусымда тоқтатқан техникумдардың оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша жүргізілген. Ал 1922-23 оқу жылынан бастап, дәрістер институт басшылары мен факультеттік кеңес арасында келісіліп ұйымдастырылған пән комиссиясы жасаған жаңа бағдарлама және жоспар бойынша оқылған. Институтта қызмет еткендер туралы айтатын болсақ, 9 адам әкімшілік басқару аппаратында, 7-еуі кеңседе, 5 техникалық бөлімде жұмыс жасады. Жалпы оқытушылар саны 55 (техникалық факультет 32, ауыл-шаруашылық 13, экономикалық-өндірістік 10), ғылыми қызметкерлер 3-еу, төменгі сатыдағы жұмысшылар 5-еу болды. Әкімшілік басқару құрамына ректор, басшылықтың екі мүшесі, үш декан, факультеттік президиумның үш мүшесі кіргізілді. 1922 жылдың 1 маусымында 249 студент білім алды. Солардың 77-сі техникалық, 48-і механикалық, 96-сы ауыл-шаруашылық, 28-і экономикалық-өндірістік факультетінде оқыды (ҚРОМА, 1298:3).

Архив деректері бойынша Академиялық орталық пен оған қарасты бөлімдердің атқарған жұмыстарына келетін болсақ, ең алдымен қызмет және ғылыми атақтар беру ережелерін дайындаған. Мәселен, академиялық орталық политехникалық институт және ҚАССР-да профессор ғылыми атағын беру жөнінде ереженің жобасын дайындаған. Халыққа білім беру бөлімдері комиссиясы мемлекеттік баспаға ұсынылған ғылыми еңбектер және оқулықтар, оқу құралдарына жазылған сын пікірлерді қараған. Мәселен, В.А. Еловиқовтың жергілікті жердегі мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге арналған нұсқаулығына, В.Я. Струминскийдің ағарту жұмысшылары үшін анықтамалығына, В.А. Еловиқовтың мемлекеттік шығармашылық кеңесінің қызметі және оның дамуы туралы еңбегіне дайындалған пікірлердің ғылыми, әдістемелік маңызы айтарлықтай. Бұдан өзге бас саяси-ағарту комитетінің шығармашылық шеберханаларының шаруашылық қаражатына өту туралы ережесі қаралып, толықтырылды. Сонымен қатар ағарту комиссариатына тиесілі барлық музыкалық аспаптарды толыққанды есепке алу, Ташкенттегі, Атбасар уезі, Ақмола губерниясы, Сырдария облысы мен Бөкей губерниясындағы қазақ халқының әндерін ұнтаспаға жазылу жұмыстарын жүргізді. Орталық өнер саласындағы жұмыстарға да жетекшілік етті. Оның басшылығымен қазақ театры үшін аты аңызға айналған «Алпамыс батыр» жырының мазмұны бойынша жазылған бес актілі спектакльдің сценарийі жазылып, қойылым дайындалды. Орталық архиві комитеті таратылып, бірқатар архивтер ретке келтірілді. Мәселен, Орынбор губерниясы мен Қазақ орталық атқару комитетінің кеңсесі, Халық банкінің қаржы бөлімінің құжаттары реттеліп, тізімдеме жасалды. Архивтерде барлық бөлімдер бойынша құжаттарды есепке алу картотекасы жасалды.

Қорда аталған құжат түрлерінен өзге қаулылар сақталған. Олардың құрамы және мазмұны әртүрлі. Саяси иерархия бойынша жіктейтін болсақ, сақтау бірліктеріне ең алдымен РСФСР ХАК-ынан түскен қаулылар, екіншіден, Қазақстан ХКК-і мен Қазақ Орталық Атқару Комитеті қаулылары, үшіншіден, комиссариаттың өз қаулылары тіркелген. Қаулылар таза ресми құжаттар болғандықтан, саны көп емес, халық ағарту ісінің барлық қырларын көрсете алмайды, дегенмен оқу-ағарту саласындағы жұмыстардың мазмұнын, өзгерістерді тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар белгілі бір заң актілерінің шығу себептерін, қабылданған шешімдердің қажеттілігін анықтауға септеседі. Қаулылардан кеңестік орталықтандырылған басқару жүйесінің өзіне тән белгілерін анық көруге болады. Қазақ АССР-ның ағарту мекемелері РСФСР ХКК-іне бағынышты ғана емес, оған тікелей тәуелді болды. Республикалық комиссариаттар орталықтың бұйрықтарын, нұсқаулықтарын бұлжытпай орындады. Дегенмен кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қатаң орталықтандыру жүйесі қалыптаса қоймағандықтан мемлекеттік орган әлсіз болды, сол себепті комиссариаттар қызметіне толыққанды басшылық жасай алмады.

Хаттама, қаулы, ереже, есептермен қатар қорда әртүрлі мазмұндағы құжаттар да кездеседі. Мәселен, мектеп қызметкерлерінің Қырғыз (қазақ) Өлкелік съезі (1921 ж), ағарту қызметкерлерінің І-ші Бүкілқырғыздық (Бүкілқазақтық) съезін шақыру, Қазақстандағы пролетарлық жазушылардың І съезі (1936 ж), мұғалімдердің І съезі

(1935 ж), Бүкілқазақтық ағарту екпінділері съезі (1934 ж), Қазақстандағы мәдени майдан қызметкерлерінің I съезі (1935 ж), жұмысшылар мен шаруалардың білім алуына арналған I Бүкілқазақтық Өлкелік конференциясы (1927 ж), I Түркістан аймағының мұғалімдер конференциясы, I-ші архив конференциясы, ағарту қызметкерлерінің губерниялық конференциясы, Қазақстан комсомолының ағарту жұмыстарына қатысу жөніндегі 7 Өлкелік ВЛКСМ (Бүкілодақтық Ленин комсомолының жастар одағы) конференциясы құжаттары, I Бүкілқазақтық мектепке дейінгі қызметкерлердің слеті (1935 ж), I Қазақстандық өнер қайраткерлерінің слеті (1934 ж), I балалар үйі қызметкерлерінің слетінің стенограммалары бар. Сондай-ақ ағарту және білім беру саласы бойынша бірқатар статистикалық ақпарат жинақталған.

Республикадағы мектептердің, балалар үйі мен балабақшалардың, балаларды әлеуметтік тәрбиелеу мекемелерінің, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар, мектеп коммуналдарының саны жөніндегі мәліметтер комиссариат қызметінің бағыттары және нәтижелерін зерттеушілер үшін құнды деректер болып табылады. Қазақстан кітапханаларының желісі, жылжымалы кітапханаларды ұйымдастыру туралы статистикалық ақпараттар да қайталанбас фактілерімен тартымды. Өртүрлі мазмұндағы құжаттардың барлығы ағарту комиссариатының қызметін әр қырынан аша түседі.

Қорытынды. Осылайша архив құжаттарының негізінде Қазақ ССР Халық ағарту комиссариатының қызметіне шолу жасадық. Құжаттар комиссариаттың сонау 1920-1930-жылдары халыққа білім беру, сауатсыздықпен күрестен өзге көптеген мәдени-ағарту жұмыстарын атқарғандығын дәйектейді. Саяси ахуалдың күрделі, экономикалық жағдайдың нашар болғандығына қарамастан өзінің бөлімдеріне басшылық жасап, қызметін жоспарлы, мақсатты түрде жүргізіп отырды. Кеңестік білім беру жүйесін қалыптастырып, билік пен идеологияның орнығуына қомақты үлес қосты. Қазіргі уақытта тарих қойнауында қалған осы бір мемлекеттік органның қызметінен озық тұстарын алу қазақтандық білім беру жүйесін дамытуда ұтымды болар еді. Тарихтан тағлым және сабақ алуды жадтан шығармағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі

Алпысбаева Н.К. Қазақ ССР Халық Комиссарлар Кеңесі қорының құжаттары - Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеу деректері (1925-1933 жж.). ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. №1(24). 126-129 бб.

Зиманов С., Даулетова С., Исмагулов М. Казахский революционный комитет. Алма-Ата: «Наука», 1981. 196 с.

Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 3 т. Алматы, 1988. 628 б.

Қайырханова Ф.К. Қазақстанда мәдени ағарту мекемелері жүйесінің қалыптасуы және дамуы (1920-1932жж). Алматы, 1993. 154 б.

Каунтс Дж. С. Советское просвещение бросает вызов. В 2-х вып. М., 1958. 489с.

King Beatrice. Changing Man; The education system of the USSR. London, 1936. 299 p.

Коржихина Т.П. История государственных учреждений СССР. Москва, 1984. 399 с.

Кутушев Г.З. Народный комиссариат просвещения Башкирской АССР в 1919-1941 гг. Уфа, 2014. 228 с.

ҚРОМА (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві). 81-қ., 1-т., 350-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 308-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 316-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 866-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 311а-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 2-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 320-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 7-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 324-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 754-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 318-іс.

ҚРОМА. 81-қ., 1-т., 1298-іс.

Мұсағалиева А.С. Халық ағарту комиссариаты қорының құжаттары республика зиялыларының қызметі мен көзқарасы жөніндегі дерек көзі (1920-1936 жж.). Алматы, 2000. 181 б.

Салқынбек Д. Халық ағарту комиссары // Қазақ тарихы. 2010. №6 (105), қараша-желтоқсан. 78-82 б.

Сапарғалиев Г.С. Советское государство в борьбе за развитие социалистической культуры в Казахстане. Алма-Ата: АН КССР, 1957. 142 с.

Селкебаева А.Т. Қазақ АССР Халық Ағарту комиссариаты жанындағы Қазақстанды зерттеу қоғамы: құрылуы мен қызметінің тарихы (1920-1936жж). Алматы, 2007. 150 б.

Смиртюков М.С. Советский государственный аппарат управления: Вопросы организации и деятельности центров. Москва: Политиздат, 1982. 256 с.

Путеводитель по фондам центрального государственного архива Казахской ССР (1920-1936 гг.). Т. 2. Ч.1. А-Ата, 1989. 158с. (ЦГА РК. Ф. 81. Оп. 4. 1897 дел).

Таукибаева Ш.Ж. Становление государственных учреждений Казахстана по образованию, культуре и науке (1917-1936 гг.). Алматы, 1999. 154 с.

Тлеубекова Г.Б. Жетісу қоныс аудару басқармасы қорының құжаттары ХХ ғасырдың басындағы жер мәселесі жөніндегі дерек көздері. т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2009. 266.

Fitzpatrick Sh. The Commissariat of Enlightenment. Cambridge, 1970. 380 p.

References

Alpysbaeva N.K. Kazakh SSR Halykh Komissarlar Kenesi korynyn khujattary - Kazakhstandagy aleumettik-ekonomikalyk protsesterdi zertteu derekteri (1925-1933 zh.) (Documents of the People's Commissariat of the Kazakh SSR sources for studying socioeconomic processes (1925-1933). KazYU habarshysy. Tarih seriyasy №1(24). 126-129 bb. [in Kazakh].

Kaunts Dzh.S. Sovetskoe prosveshchenie brosaet vyzov (Soviet education challenges). V 2-h vyp. M., 1958. [in Russian].

King Beatrice. Changing Man; The education system of the USSR. London, 1936.

Korzhihina T.P. Istoriya gosudarstvennyh ucherezhdenii SSSR (The history of the state institutions of the USSR). Moskva, 1984. 399 s. [in Russian].

Kýtýshev G.Z. Narodnyı komissariat prosvesheniya Bashkırskoı ASSR v 1919-1941 gg. (People's Commissariat of Education of the Bashkir ASSR in 1919-1941). Yfa, 2014. 228 s. [In Russian]

Kazakh SSR. Kyskhasha enciklopediya (Kazakh SSR. Brief encyclopedia). 3 t. Almaty, 1988. 628 b. [in Kazakh].

Kajyrhanova F.K. Kazakhstanda madeni agartu mekemeleri zhyjesinin kalyptasuy zhane damuy (1920-1932zh) (Formation and development of institutions of the system of cultural education in Kazakhstan (1920-1932). Almaty, 1993. 154 b. [in Kazakh].

Musagalieva A.S. Halyq agartu komissariaty qorynyn qyzhattary respublika ziyalylarynyn qyzmeti men kózqarasy zhonindegi derekkozi (1920-1936 zh.) (Documents of the fund of the Commissariat of Public Education as sources for the activities and views of the republic's intelligentsia (1920-1936). Almaty, 2000. 181 b. [in Kazakh].

Fitzpatrick Sh. The Commissariat of Enlightenment. Cambridge, 1970.

Salqynbek D. Halyq agartu komissary» (Commissariat of Public Education) // Kazakh tarihy. 2010. №6 (105), qarasha-zheltoqsan. 78-82 bb. [in Kazakh].

Sapargaliev G.S. Sovetskoe gosudarstvo v borbe za razvitie socialisticheskoy kultury v Kazahstane (The Soviet state in the struggle for the development of socialist culture in Kazakhstan). Alma-Ata: AN KSSR, 1957. 142 s.. [in Russian].

Selkebaeva A.T. Kazakh AKSR Halyq Agartu komissariaty zhanyndagy Kazakhstandy zertteu kogamy: kyurylyuy men kyzmetinin tarihy (1920-1936 zh) (Society for the Study of Kazakhstan at the Commissariat of Public Education of the Kazakh ASSR: the history of creation and activity (1920-1936). Almaty, 2007. 150 b. [in Kazakh].

Smirtyukov M.S. Sovetskij gosudarstvennyj apparat upravleniya: Voprosy organizacii i deyatel'nosti centrov (Soviet state administrative apparatus: Questions of organization and activities of centers). Moskva: Politizdat, 1982. 256 s. [in Russian].

KROMA (Central State Archives of the Republic of Kazakhstan). 81-k., 1-t., 350-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 308-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 316-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 86b-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 311a-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 2-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 320-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 7-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 324-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 754-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 318-1s.

KROMA. 81-k., 1-t., 1298-1s.

Putevoditel po fondam centralnogo gosudarstvennogo arhiva Kazahskoj SSR (1920-1936 gg.). T. 2. CH.1. A-Ata, 1989. 158 s. (CGA RK. F. 81. Op. 4. 1897 del). (Guide to the fund of the central state archive of the Kazakh SSR (1920-1936) [in Russian].

Taukibaeva Sh.Zh. Stanovlenie gosudarstvennyh uchrezhdenij Kazahstana po obrazovaniyu, kul'ture i nauke (1917-1936gg.) (Formation of state institutions of Kazakhstan in education, culture and science (1917-1936). Almaty, 1999. 154 s. [in Russian].

Tleubekova G.B. Zhetisu qonys audaru basqarmasy qorynyn qyzhattary HKH gasyrdyn basyndagy zher maselesi zhonindegi derek kozderi. t.g.k. gylymi darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciyanyn avtoreferaty (Documents of the Dzhetyssu Resettlement Management Fund as sources of the land issue in the early 20th century Abstract of Ph.D. thesis). Almaty, 2009. 26 b. [in Kazakh].

Zimanov S., Dauletova S., Ismagulov M. Kazahskij revolyucionnyj komitet (Kazakh Revolutionary Committee). A-Ata: «Nauka», 1981.196 s. [in Russian].

**Мақала АР08856779-ОТ-20 «ХХ ғасырдың 20-30-жж. дәстүрлі қазақ қоғамын жаңғырту саясатындағы зайырлы білім беру мен ағарту жүйесі» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында дайындалды.*

МРНТИ 930.2

DOI 10.51943/1814-6961_2021_1_28

СТЕПНОЙ ФОЛЬКЛОР КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ ВЗАИМОТНОШЕНИЙ КАЗАХОВ С ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКИМИ ХАНСТВАМИ

Хайрулдаева Айсулу Матқасымовна^{1*}, Еремекбаев Адильбек Алпысбаевич^{2ID},
Кенжебекова Арайлым Сериковна¹

¹КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

²КазНУ им.аль-Фараби г. Алматы, Казахстан

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: aisulu_01.81@mail.ru (Хайрулдаева), adilbekeva@gmail.com (Еремекбаев), kenjebekova_a@mail.ru (Кенжебекова)

Аннотация. Статья посвящена изучению сведений по истории отношений казахов с центральноазиатскими ханствами в 18-19 веках, содержащихся в поэтических произведениях устного народного творчества того времени. В статье анализируются исторические факты, содержащиеся в произведениях Кожабеген жырау Толыбайұлы (1663-1763), Жанкиси жырау (начало XIX в.), Дулат Бабатайұлы (1802-1871), Шортанбай Канайұлы (1818-1881) и Кердери Аубакир Шоканұлы (1861-1905). На основе источниковедческого анализа произведений казахских авторов, таких как «Ақтабан шубырынды, Алқакөл сулама», «Размышления Жанкожа батыра», «Әуелгі қазақ деген жұрт», «Откен иманшылық заманды жоқтап айтқаны», реконструированы различные этапы взаимоотношений Казахской степи с Хивой, Бухарой и Кокандом.

Ключевые слова: Степной фольклор, история взаимоотношений, казахи, Центральноазиатские ханства, жырау, жыр, толғау, арнау.

ҒТАМР 930.1

ДАЛАЛЫҚ ФОЛЬКЛОР ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРТАЗИЯЛЫҚ ХАНДЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕГІ РЕТІНДЕ

Хайрулдаева Айсулу Мәтқасымқызы^{1*}, Еремекбаев Әділбек Алпысбайұлы^{2ID},
Кенжебекова Арайлым Серікқызы¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

²әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Алматы қ., Қазақстан